

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Алматы қ.

24 қараша 2020 ж.

Ғылыми кеңес төрағасының орынбасары,

э.ғ.д, профессор – Умирзаков С.Ы.

Ғылыми кеңестің ғылыми хатшысы,

э.ғ.к., доцент – Салимбаева Р.А.

Қатысқандар: Ғылыми кеңестің 29 мүшесінің 25

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. Студенттермен жұмыс жөніндегі деканаттың 2019/2020 оқу жылындағы студенттермен жұмыс қорытындысы және дамудың басым бағыттары туралы (баяндамашы: Студенттермен жұмыс жөніндегі декан Баймуханова Д.М).

2. 2020 жылға дейін «Нархоз университеті» КЕАҚ-да корпоративтік оқытудың жаңа моделін енгізу (баяндамашы: Қосымша кәсіптік білім беру орталығының директоры Образцова М.Е).

3. Әртүрлі

3.1 «ЖОО-ның 2020 жылдың үздік оқытушысы» атағын беру конкурсына қатысу үшін профессор-оқытушылар құрамының кандидатураларын ұсыну туралы (баяндамашы: Академиялық қызмет жөніндегі проректор Умирзаков С.Ы).

3.2 «Нархоз университеті» КЕАҚ «Ақиқат» пікірталас клубы туралы Ережені бекіту туралы (баяндамашы: «Жалпы білім беру пәндері» ҒБД директоры Гостенко Л.Н).

3.3 «Нархоз университеті» КЕАҚ «Жас әлеуметтанушы» клубы Ережесін бекіту туралы (баяндамашы: «Жалпы білім беру пәндері» ҒБД директоры Гостенко Л. Н).

3.4 «Нархоз университеті» КЕАҚ «Жас аналитик» клубы Ережесін бекіту туралы (баяндамашы: «Жалпы білім беру пәндері» ҒБД директоры Гостенко Л.Н).

3.5 Сова Минервы клубы Ережесін бекіту туралы (баяндамашы: «Жалпы білім беру пәндері» ҒБД директоры Гостенко Л.Н).

3.6 «Нархоз университеті» КЕАҚ білім алушыларының тәлімгерлігі туралы Ережені бекіту туралы (баяндамашы: Халықаралық даму және серіктестік басқармасының бастығы Сағындықова Ж.О).

3.7 2020-2021 оқу жылына арналған «Нархоз университеті» КЕАҚ тіл саясатын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы (баяндамашы: Академиялық қызмет жөніндегі проректор Умирзаков С.Ы).

3.8 Өткен жылдарда оқуға түскен PhD бағдарламасы докторанттарының ғылыми консультанттарын өзгерту туралы (баяндамашы: «Докторантура» ғылыми-білім беру департаментінің директоры Арыстанбаева С.С).

3.9 «Нархоз университеті» КЕАҚ Академиялық адалдық Ережесіне өзгерістер енгізу туралы (баяндамашы: ректордың құқықтық мәселелер жөніндегі кеңесшісі Бисенғали Л).

3.10 Бухгалтерлік есеп бойынша Халықаралық ЖОО аралық қашықтық олимпиадасының жеңімпаз студенттерін марапаттау (баяндамашы: «Есеп, аудит және талдау» ғылыми-білім беру департаментінің директоры Каршалова А.Д).

Күн тәртібі мәселелері бойынша ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

1. Студенттермен жұмыс жөніндегі декан Д. М. Баймуханованың «2019/2020 оқу жылындағы студенттермен жұмыс жөніндегі деканаттың жұмысының қорытындылары және дамудың басым бағыттары туралы» есебі бекітілсін:

1.1. Студенттермен жұмыс жөніндегі декан Баймуханова Д. М.:

1.2.1 2020 жылғы 21 желтоқсанға дейін студенттік ұйымдарды тіркеу жөніндегі ережені әзірлесін.

1.2.2 2020 жылдың 21 желтоқсанына дейін студенттердің тәрбие және әлеуметтік саясатын әзірлесін.

1.2.3 2020 жылғы 21 желтоқсанға дейін «Жыл студенті» конкурсы туралы Ережеге тиісті өзгерістерді енгізісін.

1.2.4 Студенттердің тәрбие және шығармашылық жұмыстары бойынша іс-шараларды оқу жылының соңына дейін онлайн форматта ұйымдастыру.

1.2.5 оқу жылының соңына дейін білім алушыларды дамыту бойынша мектеп деканаттарымен, ғылыми-білім беру департаменттерімен, студенттік ғылыми кеңеспен және университеттің басқа да құрылымдық бөлімшелерімен бірлескен жұмысты ұйымдастыру.

1.2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Академиялық қызмет жөніндегі проректор С.Ы. Умирзаковқа жүктелсін.

2. Қосымша кәсіптік білім беру орталығының директоры М.Е. Образцованың «2020 жылға дейін «Нархоз университеті» КЕАҚ корпоративтік оқытудың жаңа моделін енгізу» ақпараты назарға алынсын.

3. Әртүрлі

